

БҰЙРЫҚ №2

«Аманат» жеке балабақша

02 қыркүйек 2023 жыл

«Педагогикалық әдеп кеңесін құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Балабақшада **Педагогикалық әдеп кеңесі** құрылсын.
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына төмендегі педагогтар енгізілсін:

Кеңес төрайым – А.А. Бергенгалиева

Кеңес мүшесі – А.Б.Пазыл

Кеңес мүшесі – М.С.Ниязова

Кеңес мүшесі – Ж.Ж.Суйешова

Кеңес мүшесі – Д.С.Қаратаева

3. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы болып **Н.А.Қисметова** тағайындалсын.
4. Кеңес хатшысы: кеңестің жұмыс жоспарын; кеңес қызметі туралы ережені әзірлеп, бекітуге ұсынсын.
5. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы мен қызметі туралы ереже педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылады.

«Аманат» жеке балабақша меңгерушісі



А.А. Бергенгалиева

«Бекітін»
«Аманат» жеке баллоқтасы
меңгерушісі А.А. Бергенғалиева



№	Іс-шара атауы	Уақыты	Жауапты
1	Педагогикалық әдеп кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту, әдеп кеңесінің мүшелерімен отырыс өткізу құрамын бекіту. Педагогикалық этика сақтау мәселесі бойынша балабақшаға қабылданған жас мамандармен жұмыс. «Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп»	Қыркүйек	Әдеп кеңесінің мүшелері
2	Педагогикалық этика ережелері бойынша педагогикалық ұжымның әдепсіздік қылықтары жөнінде дөңгелек үстел өткізу. «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттардың маңызы» баяндама.	Қараша	Әдеп кеңесінің мүшелері
3	«Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» тақырыбындағы баяндаманы талқылау. Педагогикалық этика ережелерінің сақталуы туралы. Әртүрлі мәселелер.	Наурыз	Әдеп кеңесінің мүшелері
4	1. «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын іске асыру бойынша жүргізілген бақылау жұмыстары туралы. 2. Педагогтардың қызметтік әдебі мен қарым-қатынас мәдениеті туралы. 3. Жас мамандармен жүргізілген педагогикалық әдеп жұмыстарының қорытындысы. 4. Әртүрлі мәселелер.	Мамыр	Әдеп кеңесінің мүшелері

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы.
Хаттама №1**

Күні: 20.09.2023ж

Қатысқаны: 6 педагог.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту, әдеп кеңесінің құрамына өзгеріс енгізу.
2. Педагогикалық этика сақтау мәселесі бойынша балабақшаға қабылданған жас мамандармен жұмыс. «Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» баяндама.

Бірінші мәселе бойынша сөз әдеп кеңесінің төрайымы А.А. Бергенғалиеваға берілді.

Педагогикалық кеңесінің жоспары таныстырылып бекітілді.

Жоспар бойынша:

-Бірінші отырыс қыркүйек айында Педагогикалық әдеп кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту, әдеп кеңесінің мүшелерімен отырыс өткізу. Педагогикалық этика сақтау мәселесі бойынша балабақшаға қабылданған жас мамандармен жұмыс. «Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп»

-Екінші отырыс қараша айында «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын іске асыру бойынша бақылауды жүзеге асыру.

-Үшінші отырыс наурыз айында «Педагог мәртебиесі туралы» Заңды, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдеп бойынша кеңес жұмысын ұйымдастыру»

-Төртінші отырыс мамыр айында «Педагогикалық этика ережелері бойынша педагогикалық ұжымның әдепсіздік қылықтары жөнінде дөңгелек үстел өткізу. «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» баяндама. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына өзгеріс енгізілуіне байланысты кеңес мүшелеріне төмендені педагогтер кіреді:

1. А.А. Бергенғалиева-әдеп кеңесінің төрайымы.
2. А.Б.Пазыл -тәрбиеші.
3. М.С.Ниязова - тәрбиеші.
4. А.М.Калиева – әдіскер
5. Д.С.Қаратаева – ата-ана

Екінші мәселе бойынша А.Б.Пазыл сөз кезегін алды. «Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» Педагогикалық этика сақтау мәселесі бойынша балабақшаға қабылданған жас мамандармен жұмыс жөнінде баяндама оқылды.

Баяндама, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы 2007 жылы 27 шілде №319

Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі,

- педагогикалық әдептіліктің көрсеткіштері;
- педагогтың өзінің алдына қойған жоғарғы талаптардың көрсеткіштері;
- педагогикалық әдеп
- педагогикалық әдептің ерекшеліктері;
- педагогикалық шеберліктің негізгі белгілері;
- педагогтың бойында болмау, керек қасиеттер;

-педагог пен балалардың жеке әлеуметтік – психологиялық өзара қарым-қатынасындағы педагогикалық әдептің алатын орны қатынас жасау, тілдесу өнер;

-Мұғалім келесі қағидаларды басшылыққа алуы тиісті жағдаяттар туралы айтылды.

Keңестің шешімі:


1. Кеңестің ұйымдастырылған жұмыс жоспары «қанағаттанарлық» деп бағаланып, уақытылы өткізілсін.
2. Жас мамандарға берілген ақпаратты ескерте отырып, әрі қарай жұмысы жалғасын тапсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.А. Бергенгалиева



Н.А.Қисметова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы.

Хаттама №2

Күні: 18.11.2023ж

Қатысқаны: 6 педагог.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика ережелері бойынша педагогикалық ұжымның әдепсіздік қылықтары жөнінде дөңгелек үстел өткізілді.

2. Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» баяндама

Бірінші сұрақ бойынша кеңес төрайымы А.А. Бергенғалиева сөз алды.

Адамның қандай да болмасын жасаған іс-әрекеті ылғи нәтижелі аяқтала бермесі анық. Ол ісін жақсы ойлап, жаман тәмамдауы да мүмкін. Не болмаса байқамай қателік жіберіп алып, ісін жаманшылықпен бітіруі де ғажап емес. Олай болса, ең әуелі адамның ниеті маңызды. Ниеті түзу адам қиындыққа еш мойымайды ниеті дұрыс болғандықтан, бұдан кейінгі істерін де түзу көңілмен жалғастырады.

Ендеше, "Мен не іс істесем жаманшылық шығады",- деп, жаманшылыққа үйір болмау керек. Керісінше, оған қарсы тұру қажет. Яғни жаманшылықты әдетке айналдырмау - басты міндет.

Сөз кезегін ересек тобының тәрбиешісі А.Б.Пазыл алды. Адам өсек айту, біреуді сыртынан жамандау, балағаттау, жек көру, көре алмау, қызғану немесе біреуге жала жабу, кек сақтау, жалған сөйлеу, өтірік айту не болмаса екіжүзділік таныту, менменсу, өзіміз болу және сол сияқты қылықтар арқылы өзін әдепсіздікке бейімдеп алады. Жазықсыз адамның сыртынан жалалы сөз тарату, біреудің иненің жасуындай да артықшылығын көре алмау, елдің бәрін өзінің бақталасы деп білу - бұлар еңжаман пасық әдеттер. Келесі сөз кезегін тәрбиеші А.Б.Пазыл алды.

Кісі өзінің өсекке таңылып, жамандалуын қаламайды, өзін біреудің қызғанғанын, көре алмағанын ұнатпайды. Сондықтан бұл айтылған барлық жаман қылықтарды ешбір адам өз бойына дарытпағаны дұрыс. Өйткені, "Өзің үшін тілемегенінді өзгеге де тілеме" қағидасы бойынша әрбір адам өз басына да, басқаға да еш қиянат жасамауы керек.

Баяндамада, педагогикалық әдеп кеңесін құру қағидаттарына тоқталып кетті. Педагогке тиісті заңдарды білумен қатар, қарапайым адамгершілік яғни, кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас, тәртіпті болу, өзіне және балаларға қаталдықпен қарау, эмоцияналдық байсалдылық, әдептілік, ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас орнату, әділ болу, балалардың бәрінің бірдей екендігін мойындау, өз мінез-құлықтарына баға беру, өзін-өзі сынау, өзін-өзі үзбей жетілдіріп тұру деген сияқты қағидаттарды, «педагог» ұғымының дәрежесін түсірмей, биікке көтеру үшін осы бағытта жұмыс жасағанымыз жөн. Белгілі педагог К.Д. Ушинский «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр-сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді» деген нақыл сөзі осы ойымыздың дәлелі іспеттес. Қазіргі кезде педагогикалық әдеп әр адамның бойынан көрінуге тиіс нәрсе. Кез-келген ортада, жұмыста болсын

адамдармен, балалармен, ата-анамен қарым-қатынас жасау кезінде әдеп қағидаттарын ұстану керек

Кеңестің шешімі:

1. Педагогикалық этика ережелері бойынша педагогикалық ұжымда әдепсіздік қылықтарды болдырмау.
2. Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттары сақталсын

Кеңес төрайымы:

Хатшы:




А.А. Бергенгалиева

Н.А.Қисметова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы
Хаттама №3

Күні: 24.03.2024ж

Қатысканы: 6 педагог.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» тақырыбындағы баяндаманы тыңдау.
2. Педагогикалық этика ережелерінің сақталуы туралы.
3. Педагогтардың қызметтік қарым-қатынас мәдениеті жөнінде пікір алмасу.
4. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ

1-мәселе бойынша:

Кеңес мүшесі А.М.Калиева «Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаттарының маңызы» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында педагог қызметкердің кәсіби әдебі – білім беру ұйымындағы жағымды моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі екендігі айтылды. Сонымен қатар педагогтардың өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңын, педагогикалық этика қағидаларын және қызметтік әдеп нормаларын басшылыққа алуы қажеттігі атап өтілді.

Баяндамашы педагогтың:

- балалармен қарым-қатынаста сабырлылық танытуы;
- әріптестермен сыйластықта болуы;
- ата-аналармен мәдениетті байланыс орнатуы;
- әлеуметтік желілерде этикалық нормаларды сақтауы;
- сөйлеу мәдениеті мен сыртқы келбетіне мән беруі

қазіргі педагогке қойылатын басты талаптардың бірі екенін түсіндірді.

Сондай-ақ педагогикалық әдеп талаптарын бұзу ұжымдағы психологиялық ахуалға кері әсер ететіні және білім беру ұйымының беделіне нұқсан келтіретіні туралы айтылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР

Пазыл Айгерім Боанбайқызы

Ниязова Мөлдір Серікқызы

Калиева Айжамал Мерекеқызы

Педагогикалық ұжымда өзара сыйластық пен қолдаудың маңыздылығына тоқталды. Әсіресе жас мамандарға бағыт-бағдар беру, оларды педагогикалық этика талаптарына бейімдеу қажеттігін айтты.

Д.С. Қаратаева Педагогтардың ата-аналармен сөйлесу мәдениетіне ерекше назар аудару керек екенін айтты. Кез келген жағдайда ұстамдылық танытып, дауыс көтермеу, мәселені сабырлы түрде шешу қажеттігін атап өтті.

Қазіргі таңда әлеуметтік желілердегі педагог әдебіне ерекше мән берілуі тиіс екенін айтып, қызметтік беделге нұқсан келтіретін жарияланымдарға жол бермеу қажеттігін ескертті.

2-мәселе бойынша:

Кеңес төрайымы А.А.Бергеналиева педагогикалық этика ережелерінің орындалуына жүргізілген бақылау нәтижелерімен таныстырды.

Тексеру барысында педагогтардың көпшілігі әдеп қағидаларын сақтайтыны анықталғаны айтылды. Дегенмен кейбір жағдайларда:


- қызметтік қарым-қатынас мәдениетіне;
- құжаттармен жұмыс кезіндегі жауапкершілікке;
- ата-аналармен байланыс барысында сөйлеу әдебіне қатысты ескертулер берілгені хабарланды.

Педагогтарға кәсіби әдепті сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырғаны айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Педагогтардың кәсіби әрекетіндегі әдеп қағидаларын сақтау жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Жас мамандарға педагогикалық этика талаптарын түсіндіру және әдістемелік көмек көрсету жұмыстары күшейтілсін.
3. Педагогтардың ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениетіне тұрақты бақылау жүргізілсін.
4. Әлеуметтік желілерде педагогикалық әдеп нормаларын сақтау туралы түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылсын.
5. Педагогикалық этика талаптарының орындалуы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің бақылауында болсын.

Кеңес төрайымы:  А.А.Бергеналиева

Хатшы:  Н.А.Қисметова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы
Хаттама №4

Күні: 18.05.2024ж

Қатысқаны: 6 педагог.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын іске асыру бойынша жүргізілген бақылау жұмыстары туралы.
2. Педагогтардың қызметтік әдебі мен қарым-қатынас мәдениеті туралы.
3. Жас мамандармен жүргізілген педагогикалық әдеп жұмыстарының қорытындысы.
4. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ

1-мәселе бойынша:

Кеңес төрайымы Бергеналиева Айдана Асылбекқызы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығын іске асыру бойынша жүргізілген бақылау жұмыстары туралы баяндама жасады.

Баяндама барысында педагогикалық ұжым арасында педагогикалық әдеп талаптарын сақтау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені айтылды. Атап айтқанда:

- педагогтардың қызметтік әдебі;
- әріптестермен қарым-қатынас мәдениеті;
- тәрбиеленушілер мен ата-аналарға құрмет көрсетуі;
- сөйлеу мәдениеті;
- әлеуметтік желілердегі әдеп нормаларын сақтауы бойынша бақылау жүргізілгені хабарланды.

Сонымен қатар педагогтардың көпшілігі педагогикалық этика талаптарын сақтайтыны, өз қызметтеріне жауапкершілікпен қарайтыны атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер А.М.Калиева педагогтардың қызметтік қарым-қатынас мәдениеті туралы ақпарат берді.

Педагогтардың:

- ата-аналармен сыпайы сөйлесуі;
- балаларға құрметпен қарауы;
- әріптестер арасында өзара сыйластықты сақтауы;
- қызмет барысында педагогикалық әдептен аспауы білім беру ұйымындағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыратыны айтылды.

Сонымен бірге кейбір педагогтарға сөйлеу мәдениеті мен құжаттарды жүргізу барысында ескертулер берілгені хабарланды.

3-мәселе бойынша:

Кеңес мүшесі А.Б.Пазыл жас мамандармен жүргізілген жұмыстар туралы есеп берді.

Жас педагогтарға:

- педагогикалық этика талаптары;
- қызметтік әдеп нормалары;

- ата-аналармен жұмыс жасау мәдениеті;
- педагогтің кәсіби беделін сақтау

бойынша кеңестер мен түсіндіру жұмыстары жүргізілгені айтылды.

Жас мамандар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, әдістемелік көмек көрсетілгені хабарланды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР

А.М.Калиева

А.А.Бергеналиева

А.Б.Пазыл

Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау әр педагогтың кәсіби міндеті екенін атап өтті.

А.А.Бергеналиева

Ұжымдағы жағымды қарым-қатынас білім сапасына оң әсер ететінін айтты.

А.М.Калиева

Педагогтардың әлеуметтік желідегі мәдениеті мен жауапкершілігіне ерекше назар аудару қажеттігін ескертті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығының орындалуы тұрақты бақылауда болсын.
2. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Жас мамандармен жеке кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету жұмыстары күшейтілсін.
4. Педагогтардың қызметтік әдебі мен қарым-қатынас мәдениетіне жүйелі мониторинг жүргізілсін.
5. Педагогикалық ұжымда өзара сыйластық пен мәдениетті қарым-қатынасты қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы:



А.А.Бергеналиева

Хатшы:



Н.А.Қисметова